

## **Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377.

Басқару тиімділігін одан әрі арттыру, мемлекеттік органдар жүйесін реформалауды жалғастыру, республикалық бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 19-бабының 9)-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар құрылсын:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі;

3) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, оған тартылатын Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің, Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін;

4) Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, оған тартылатын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің, Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін;

5) Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, оған тартылатын Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі

министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін.

2. Мыналар таратылсын:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

2) Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

4) Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілсін;

7) Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін;

8) Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігіне - Ғылым академиясына берілсін;

10) <\*>

11) Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне берілсін;

12) Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне берілсін.

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 10) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Президентінің 1999.12.10. N 282 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі болып қайта ұйымдастырылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының 1-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі", "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы", "Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі", "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі", "Қазақстан Республикасының Білім министрлігі", "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі", "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі", "Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі", "Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі" сөздерімен толықтырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) осы Жарлыққа сәйкес жаңадан құрылған, қайта ұйымдастырылған орталық атқарушы органдар туралы ережелерді бекітсін;

2) қолданылып жүрген заңдарды осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізісін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

4) осы Жарлықтан туындайтын басқа да қажетті шараларды қолданатын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі

осы мемлекеттік органдар туралы ережелердің жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК